

### 3D Secure қызметі

3D Secure – бұл 3D Secure құпиясөзін енгізу арқылы карта иесіне қосымша сәйкестендіру жүргізуге мүмкіндік беретін Visa (Verified by Visa жүйесі) және MasterCard (Secure Code жүйесі) төлемдік жүйелермен әзірленген бірегей технология. 3D Secure Интернетте төлем карталарын пайдалану арқылы алаяқтық жасау деңгейін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

3D Secure құпиясөзі – Интернет желісінде карта бойынша операция жүргізу кезінде карта ұстаушыны сәйкестендіруге арналған динамикалық жасырын құпиясөз және ол «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-ның картасы бар, Банкке ұялы телефондарының негізгі нөмірлерін берген клиенттерге тегін беріледі.

3D Secure\* құпиясөзін алу үшін, Сізге төлем картаның нөмірін, төлем картаның жарамдылық мерзімін, өзіңіздің аты-жөніңізді, CVV/CVC кодын енгізу қажет. Бұдан кейін, Сізге 3D Secure құпиясөзін енгізу үшін Банктің <https://3ds.cbk.kz:3443/way4acs/pa?id> парақшасына сілтеме беріледі.

3D Secure құпиясөзі динамикалық болып табылады және ұялы телефонға SMS-хабарлама түрінде жіберіледі.

#### **Міндетті түрде білу керек!**

Картаны шығарған банк қана 3D Secure құпиясөзін сұрай алады. Браузердің «Адрес» жолағында келесі адрес көрсетілуі тиіс: <https://3ds.cbk.kz:3443/way4acs/pa?id>.

#### **Ешбір жағдайда басқа сайттарда құпиясөзді енгізбеңіз.**

Банк парақшасында 3D Secure құпиясөзін енгізу төлем жүргізуді растау болып табылады.

3D Secure бар интернет-дүкендерді/порталдарды келесі логотиптер бойынша тануға болады:



\*3D Secure құпиясөзін енгізу эквайер-банкте осы қызмет болған жағдайда қажет болады.